

**«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жасалған
ішкі талдау нәтижелері бойынша
аналитикалық анықтама**

Астана қ.

2022 жылғы 31 қазан

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілген объектінің толық атауы: «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негіздемесі: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы (бұдан әрі – ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар), Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы 2021 жылғы 07 сәуірде бекіткен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар), «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Қоғам Басқармасы төрағасының 2022 жылғы 03 қазандағы № 218 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілген кезең: 2022 жылғы 03 қазаннан бастап 31 қазанға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілген объекті қызметінің талданатын кезеңі: 2021 жыл.

ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізгі қағидаттары заңдылық, объективтілік және жан-жақтылық болып табылады.

Үлгілік қағидалар мен Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, келесі бағыттар бойынша Қоғамның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді:

- 1) Қоғамның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде және ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Қоғамның Басқарма төрағасының 2022 жылғы 03 қазандағы № 218 бұйрығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы бекітілді.

I. Қоғамның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қоғам «Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамы болып қайта құру жолымен «Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 05 мамырдағы № 248 қаулысына сәйкес құрылды.

«Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамы «Электрондық коммерция орталығы» акционерлік қоғамын қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 қарашадағы № 792 қаулысына сәйкес «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы болып қайта аталды.

Қоғам ҚР заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Қоғамның Жарғысына және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. Қоғамның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҚМ) болып табылады.

Қоғам қызметінің мәні:

- 1) деректерді орналастыру және өңдеу қызметтері;
- 2) веб-порталдар болып табылады.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның негізгі қызмет түрлері:

1) мемлекеттік сатып алу веб-порталын және мемлекеттік қаржы саласындағы өзге де ақпараттық жүйелерді дамыту, енгізу, сүйемелдеу және оларға жүйелік-техникалық қызмет көрсету;

2) мемлекеттік сатып алу веб-порталын және мемлекеттік қаржы саласындағы өзге де ақпараттық жүйелерді құру, енгізу, сүйемелдеу және оларға жүйелік-техникалық қызмет көрсету жөніндегі жобаларды басқару функцияларын жүзеге асыру. Бұл ретте 2020 жылғы 01 қаңтарға дейін мемлекеттік қаржы саласында ақпараттық жүйелер құру жөніндегі жобаларды басқару функциясын жүзеге асыру шартымен;

3) мемлекеттік сатып алу субъектілеріне мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану жөнінде өтеусіз негізде қызметтер көрсету;

4) мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілеріне мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеуі мәселелері бойынша өтеусіз негізде кеңестік көмек көрсету;

5) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің электрондық ақпараттық ресурстарын сақтаудың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес мемлекеттік сатып алу веб-порталын ақпараттық толтыруды жүзеге асыру;

7) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды интеграциялау мәселелері бойынша уәкілетті субъектілермен өзара іс-қимыл жасау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

8) анықтамалықты енгізе отырып, тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағалар деректер базасын енгізу және сүйемелдеу;

9) ақпараттық жүйелерді дамытуды, енгізуді, сүйемелдеуді іске асыру шеңберінде бағдарламалық қамтылымды жеткізу;

10) ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттерді, мемлекеттік және салалық стандарттарды өтеусіз негізде әзірлеуге қатысу;

11) тиісті тауар нарығында бәсекелестікті шектеуге жол бермеу шартымен орталық және жергілікті атқарушы органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тапсырысы бойынша семинарлар, конференциялар мен курстар ұйымдастыруды қоса алғанда, оқыту бағдарламаларын әзірлеу, оқытуды ұйымдастыру және өткізу, электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

12) мемлекеттік мүлікті есепке алуды өтеусіз негізде жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

13) ҚР ҚМ және оның құрылымдық бөлімшелері (ұйымдары) үшін мемлекеттік қаржы саласындағы деректерді сараптамалық-талдамалық бағалау;

14) ҚР ҚМ және оның құрылымдық бөлімшелері (ұйымдары) үшін мамандандырылған жауаптар мен әдіснамалық ұсынымдар әзірлеу;

15) пайдалану құжаттамасын қоспағанда, бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға және дамытуға техникалық құжаттама әзірлеу;

16) бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне жүйелік-техникалық қызмет көрсету және оларды сүйемелдеу;

17) бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру, дамыту, жүйелік-техникалық қызмет көрсету және сүйемелдеу жөніндегі жобаларды басқару;

18) бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің субъектілеріне кеңестік көмек көрсету;

19) бюджеттік процесс саласындағы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері ақпараттық қауіпсіздігінің ақпараттандыру туралы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында Қоғамның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер, ішкі нормативтік құжаттар зерделенді. Талдау нәтижелері бойынша, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер анықталған жоқ.

Ұсынылады:

Қоғам қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарды жылына кемінде 1 рет өзектендіру.

II. Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың тұрақтамауы.

Қоғамда бос лауазымдарға орналастыру үшін қызметкерлерді іріктеу тәртібі Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 15 наурыздағы шешімімен (№8 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметкерлерін іріктеу және бейімдеу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) және Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 14 мамырдағы шешімімен (№18 хаттама) бекітілген № 1 өзгерістерге сәйкес жүзеге асырылады. Қоғамның кадр мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері электрондық құжат айналымы жүйесінде келісілген, сынақ мерзімі кезеңінде үміткерге қойылған білімі, кәсіптік дағдылары, тәжірибесі және міндеттері бойынша талаптарды көрсете отырып, сынақ мерзімі кезеңіне міндеттер қоя отырып, персоналды іріктеу туралы өтінім негізінде бос лауазымдарға үміткерлерді іздейді. Кадр мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері қолжетімді интернет алаңдарында, <https://www.enbek.kz> / және <https://hh.kz/> сайттарында бос жұмыс орны ашылғаны туралы хабарландыру қалыптастырады. Үміткерлер Қағидалардың 11-тармағына сәйкес іріктеледі. Жұмысқа қабылдау Қағидалардың 14-тармағына сәйкес жүзеге асырылады. Сондай-ақ, қызметкерді басқа және (немесе) осы құрылымдық бөлімшеден ауыстыру арқылы үміткерлер іштен ізделеді және таңдалады. Үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары Қоғамның Басқарма төрағасының не оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітілген лауазымдардың лауазымдық нұсқаулықтарында айқындалған. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – ҚР ЕК) 32-бабының 3-тармағына сәйкес үміткерлер жұмысқа орналасу үшін сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар-жоғы туралы анықтама ұсынады. Сонымен қатар, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес, әкімшілік-шаруашылық және (немесе) ұйымдық-өкімдік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қоғамның қызметкерлері, сондай-ақ сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша шешімдер қабылдауға уәкілеттік берілген Қоғамның қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өзіне алады. Қоғам қызметкерлеріне қатысты барлық құжаттар жеке істерге қалыптастырылады және темір шкафтарда сақталады, оларға кадр мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері ғана қол жеткізе алады.

ҚР ЕК 33 және 38-баптарының талаптарын сақтай отырып, қызметкерлердің келісімімен, бастамашының қызметтік жазбасы негізінде қызметкерлер жоғары тұрған лауазымдарға ауыстырылады. Үміткердің лауазымдық нұсқаулықта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі міндетті түрде тексеріледі.

Егер лауазымға үміткердің бейінді білімі болмаса, бірақ бес және одан да көп жыл қызмет саласында білімі, іскерлігі мен дағдылары, практикалық тәжірибесі болса, оған жүктелген лауазымдық міндеттерді сапалы және толық көлемде орындай алатын болса, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес, комиссияның ұсынымы

бойынша мұндай үміткер арнайы даярлығы мен жұмыс өтілі бар тұлғалар сияқты тиісті лауазымға тағайындалады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 03 қарашадағы (№10 хаттама) және 2021 жылғы 02 желтоқсандағы (№15 хаттама) шешімдерімен бекітілген Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымдарына сәйкес, 2021 жылғы 01 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығында Қоғамның штат саны 433 бірлікті құрады. Әкімшілік басқарушылық персоналының саны – 57 бірлік, өндірістік персонал – 376 бірлік, штаттан тыс қызметкерлер саны – 5 бірлік. Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сандық құрамы 5 адамнан тұрды – Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары (Басқарма мүшесі), Басқарма төрағасының орынбасары (Басқарма мүшесі), техникалық директор (Басқарма мүшесі), басқарушы директор (Басқарма мүшесі). Қызметкерлердің штаттық саны қысқартылған жоқ.

Қоғамның кадрлық құрамын талдау көрсеткендей, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығында Қоғамға 66 қызметкер қабылданып, 90 қызметкер жұмыстан босатылды. Қызметкерлерді жұмыстан шығарудың негізгі себептері: тараптардың келісімі және қызметкердің бастамасы. Теріс және тәртіптік себептермен жұмыстан шығарылған қызметкерлер болған жоқ.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығында ауыстыру, жылжыту және лауазымның атауын өзгерту туралы жеке құрам бойынша 73 бұйрық тіркелді. Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 20 қыркүйектегі шешімімен (№16 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының ішкі еңбек тәртібі қағидаларының 8-бөліміне, Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 26 ақпандағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген №1 өзгерістерге сәйкес 2021 жылы Қоғамның 7 қызметкеріне Қоғамның лауазымдық нұсқаулықтары мен ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындамағаны үшін тәртіптік жаза қолданылды. Бұл ретте, 4 қызметкерден тәртіптік жазалар мерзімінен бұрын алынып тасталды.

Қоғамның еңбекақы төлеу жүйесі Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген, Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 04 тамыздағы шешімімен бекітілген (№10 хаттама) Қоғамның басшы қызметкерлері үшін есепті кезеңдегі қызметті бағалау нәтижелері бойынша жылдық сыйлықақының шекті мөлшері бөлігінде 2021 жылы еңбекақы төлеу жүйесіне өзгерістер енгізілді.

Қоғам қызметкерлерінің біліктілігін одан әрі арттыру мақсатында «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметкерлерін оқыту және біліктілігін арттырудың 2021 жылға арналған жоспарын бекіту туралы» Басқарма төрағасының 2021 жылғы 06 қаңтардағы № 2 бұйрығы бекітілді. Осылайша, талданып отырған кезеңде Қоғамның 304 қызметкеріне, оның ішінде әкімшілік басқару персоналынан – 83 қызметкерге, өндірістік персоналдан – 221 қызметкерге оқыту өткізіліп, біліктілігі арттырылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық валюта күніне орай ҚР ҚМ Қоғамның 60 қызметкерін алғыс хаттармен, құрмет грамоталарымен, «Қаржы

қызметінің үздігі» төсбелгісімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» және «ҚР ҚМ 100 жыл» мерейтойлық медалімен марапаттады.

Қоғам басшылығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға мониторинг жасау нәтижелері бойынша Қоғам қызметкерлеріне қатысты резонанстық және беделін түсіретін жарияланымдар анықталған жоқ. Жеке және заңды тұлғалардан Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты өтініштер түскен жоқ.

2021 жылы қызметкерлер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің қылмыстық және әкімшілік сипаттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны анықталған жоқ.

Ұсынылады:

Тәртіптік жаза қолдану кезінде ҚР ЕК сәйкес мерзім белгілеу. Тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау фактілері жазаның профилактикалық мақсатын жояды.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Қоғамдағы мүдделер қақтығысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-ІІ Заңына, Жалғыз акционер – Қазақстан Республикасының бірінші қаржы вице-министрінің 2019 жылғы 13 қарашадағы шешімімен (№1257 бұйрық) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 28 маусымдағы шешімімен (№7 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Іскерлік әдеп кодексіне сәйкес реттеледі.

Ішкі талдау жүргізу барысында 2021 жылғы кезеңде Қоғамда мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Жақын туыстары (ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналастыру және мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде үлестес болу фактілері анықталған жоқ.

Корпоративтік мәдениет мәселелерін дамыту, мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс-қимыл іскерлік мінез-құлық практикасын қолдану арқылы жүзеге асырылады және Қоғамның Іскерлік әдеп кодексіне және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес реттеледі.

Қоғамның барлық қызметкерлері қол қою арқылы Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен міндетті түрде танысады.

Кадр мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері еңбек шарты жасалғаннан кейін қабылданған қызметкерді 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен таныстырады.

Персоналды басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мүдделер қақтығысының, сондай-ақ қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдардың бұзылу фактілері анықталған жоқ.

Жоспарлау, кадрларды конкурстық іріктеу және орналастыру, персоналды оқыту және дамыту, кәсіби кадр резервін құру және дамыту, ынталандыру және тиімділікті арттыру жүйесін енгізу, тиімділікті басқару, қызметкерлерді ынталандыру, корпоративтік басқару практикасын енгізу және корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мәселелері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында жеткілікті дәрежеде реттелген.

Ұсынылады:

ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес Қоғам мүдделерінің қақтығысын анықтау және реттеу саясатын әзірлеу.

3. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

Қоғам мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік-құқықтық актілерін және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады:

1) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңы;

2) «Тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдар қоғамдық бірлестіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдар қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1181 қаулысы;

3) «Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1200 қаулысы;

4) «Мемлекеттік сатып алудың арнайы тәртібін анықтау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 наурыздағы №127 қаулысы (2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады);

5) «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығы;

6) «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығы;

7) «Конкурс не аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 677 бұйрығы;

8) «Мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану қағидаларын және мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмысында техникалық іркілістер туындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 692 бұйрығы;

9) «Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 694 бұйрығы;

10) «Үлгілік конкурстық құжаттамаларға (аукциондық құжаттамаларға) сәйкес мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 231 бұйрығы;

11) «Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1127 бұйрығы;

12) «Біртекті түрлері және оларды беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлу талап етілмейтін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрінің 2019 жылғы 1 наурыздағы № 159 бұйрығы;

13) «Біліктілікті алдын ала іріктеумен жүргізілетін конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 521 бұйрығы;

14) Қоғам Басқармасының 2019 жылғы 20 қыркүйектегі шешімімен (№16 хаттама) бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық.

2021 жылдың қорытындысы бойынша, мемлекеттік сатып алуды талдау «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғам есепті кезеңде сомасы 7 280 690,2 теңгеге мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырғанын көрсетті, оның ішінде:

- ашық конкурс тәсілімен – 105 бірлік, сомасы 5 263 501,7 мың теңге;
- баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 93 бірлік, сомасы 38 647,5 мың теңге;
- алдын ала білікті іріктеу конкурсымен – 5 бірлік, сомасы 100 996,9 мың теңге;
- тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу – 170 бірлік, сомасы 1 460 502,6 мың теңге;
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден сатып алу – 16 бірлік, сомасы 417 041,5 мың теңге.

Өткізілмеген сатып алудың себептері төмен сатып алу бағасы, жоғары біліктілік талаптары болып табылды. Жойылған сатып алулар саны – 0 бірлік, жеткізушілермен сотта істің қаралуы – 10 бірлік, олардың себептері шарттық міндеттемелердің тиісінше орындалмауы болып табылады.

Осылайша, Қоғамның тауарларын, жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін мемлекеттік сатып алуға жүргізілген талдау Қоғамның мемлекеттік сатып алулары Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарымен реттелетініне байланысты,

мемлекеттік сатып алу бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоқ екенін көрсетті, сондай-ақ Қоғамның мемлекеттік сатып алулары мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық түрде жүргізіледі және жеткізушімен қандай да байланысты болдырмайды. Шарттарды тек электрондық форматта жасасу сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша веб-порталда толық және шынайы ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын айқындауға мүмкіндік берді. Электрондық шарттарды және мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашық етуге бағытталған бірқатар басқа нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді.

2021 жылғы кезеңде мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе жою фактілері болған жоқ.

2021 жылы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары тексерістер жүргізген жоқ.

III. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 02 желтоқсандағы шешіміне (№15 хаттама) сәйкес Қоғамның ұйымдық құрылымына Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін «комплаенс-менеджер» штат бірлігі енгізілді. Комплаенс-менеджердің штат бірлігі ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының 16-бабының 3-тармағына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты Қоғам құрылымына енгізілді. *Квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлімше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалады. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.*

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің құзыреті, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады.

Ұсынылады:

1. ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу және бекіту.

2. Қоғамға ISO 37001 немесе 3049-2017 ҚР СТ халықаралық стандартын енгізу мәселесін қарастыру.

3. ISO 37001 немесе 3049-2017 ҚР СТ халықаралық стандартына сәйкестікті растау.

Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша **ШЕШІЛДІ:**

1. Қоғамның Басқарма төрағасының қарауына аналитикалық анықтама ұсынылсын.

2. Қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияларды қамтамасыз етуді ескере отырып, Қоғамның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылсын.

**Басқарма төрағасының
орынбасары**

М. Қалиакпаров

**Комплаенс-менеджер,
жұмыс тобының жетекшісі:**

С. Шаяхметова

Жұмыс тобының мүшелері:

Ішкі аудитор

Б. Мұрзиев

Тәуекел-менеджер

Г. Бекжанова

Ақпараттық, меншікті қауіпсіздік
және тестілеу департаментінің
директоры

Е. Медеуов

Есепке алу және қаржы
департаментінің директоры

А. Нысанбекова

Заң департаментінің директоры

Б. Құлболдин

Персоналды басқару департаментінің
директоры

Ю. Зипина

